



**КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ
СОТ ӘДІЛЕТТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АЙНАСЫ БОЛА АЛА
МА?**

2-бет



**АЖЫРАСУ –
ҚОҒАМНЫҢ
ДЕРТІ**

6-бет



**БЕС
ҚОНАҚ**

8-бет

ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№1 (3532) 6 қаңтар 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

Нүриден ДАУЫЛБАЕВ,
ҚР ІІМ басқарма бастығы:

«ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫНА РЕФОРМА КЕРЕК»

– Нүриден Әбілханұлы, қанды қаңтар оқиғасының өткеніне бір жыл болды. Бейбіт митингіні бүлікшілер өз мақсатына пайдаланып, салдарынан адамдар құрбан болып, материалдық шығындар да аз болмады. Осы бір жағдайды қалай сипаттар едіңіз?

– Естеріңізге сала кетейін, бастапқыда еліміздің бірқатар өңірлерінде бірнеше күн бойы шерулер өтті. Жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдары түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Көтерілген мәселелерді шешу бойынша нақты шаралар ұсынылды.

Алайда, кейіннен 4 және 5 қаңтарда елдің көптеген аймақтарында наразылық білдірушілер тобы бір уақытта көтеріліп, билік пен басқару органдарының, құқық қорғау органдарының және күш құрылымдарының әкімшілік ғимараттарын басып алуға кірісті. Содырлар ғимараттар мен қызметтік автокөліктерді өртеп, мүліктерді ұрлап, азаматтарды, әскери қызметшілерді және полицияларды ұрып-соқты. Айта кету керек, полиция мен әскери қызметшілерде атыс қаруы болған жоқ. Олар тек қалқандармен және дулығалармен жабдықталды.

Сонымен қатар, көптеген топтар, соның ішінде ұйымдастырушылар мен террористер өздеріне күштік құрылымдардың күштері бөлінуі үшін коммуналдық техникаға шабуыл жасай бастады. Тәртіп сақшылары басқарған көліктерді зақымдап, қызметкерлерді ұрып-соғып, оқ атқан. Жараланғандарға жедел жәрдем көлігін жібермеді.

Бұл ретте қылмыскерлер қосымша көмек тартылмас үшін полиция учаскелеріне, қару-жарақ дүкендеріне шабуыл жасап, Алматыдағы әуежайды басып алды. Сонымен қатар, адамдар қала көшелерінде оқ жаудырды, сауда, ойын-сауық орталықтары мен қаржы мекемелерін төңкеріп, банкоматтарды бұзды. Олар тікелей эфирге шығу үшін стратегиялық нысандарға – телеарналар ғимаратына, Көктөбедегі телемұнараға шабуыл жасады. Бұл азаматтардың арасында қорқыныш тудыру үшін жасалды.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 3-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

2023: ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ ТАРМЕН БАСТАЛДЫ



2023 жылдың алғашқы күнпарақтары маңызды тағайындаулармен басталды. Мемлекет басшысының бұйрығымен бірқатар министрлердің қатары қайта жасақталды. Президент Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі етіп Марат Қарабаевты, Экология және табиғи ресурстар министріне Зүлфия Сүлейменованы, Мәдениет және спорт министрі қызметіне Асхат Ораловты, Оқу-ағарту министріне Ғани Бейсембаевты және Әділет министрі қызметіне Азамат Есқараевты тағайындады.

ЖАҢҒЫРЫҚ

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫ – ҚОҒАМДЫ ҰЙҚЫСЫНАН ОЯТТЫ

Тарихқа көз жүгіртер болсақ 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық көтерілісінің шырқау шегі болғанын аңғарамыз. Сондықтан араға 35 жыл салып, тәуелсіздіктің 30 жылдығынан кейін орын алған 2021 жылғы Қаңтар оқиғасына баға беру үшін 1 жыл жеткіліксіз екенін түсінуге көп ақылдың керегі жоқ. Сарапшылардың сөзіне қарағанда, жүздеген адамның өлімімен аяқталған бұл оқиғаны газ бағасының негізсіз көтерілуіне орай билікке өз наразылығын білдіру үшін алаңға жиналған жаңаөзендіктердің митингісімен ғана байланыстыруға болмайды. Оның себеп-салдарын биліктің барлық тармағын шырғауықтай шырғап тастаған елдегі жемқорлық пен сыбайластықтан іздеу қажет.

Жалпы, кез келген оқиғаны сараптау үшін оған құқықтық, тарихи және саяси баға берілуі керек. Ол бір күнде, бір айда не бір жылда шешіле қоятын оңай шаруа емес. Оның әділ бағасын беру үшін кейде ондаған жылдар да

аздық етеді. Тарихта оған мысалдар жеткілікті. Басқасын былай қойғанда, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы соның бір дәлелі бола алады. Өйткені, оған берілген құқықтық, тарихи және саяси баға әлі күнге дейін жұртшылықты

толық қанағаттандырып отырған жоқ. Бұл әсіресе, Тәуелсіздік мерекесін тойлауда айқын аңғарылып жүр. Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Саттар Мәжитовтың айтуынша, бұл қалыпты нәрсе. Анау неге үйіпеді, мынау неге бүйіпеді деп оған бұлқан-талқан болып күйіп-пісудің қажеті жоқ. Уақыт бәрін өз орнына қояды. Тек бұл үшін қанша жыл керек екенін ешкім дөп басып айта алмайды. Академик Манаш Қозыбаевтың ҚР Президенті архивіне барып келген соң Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының ғылыми кеңесінде: «Желтоқсан оқиғасына байланысты құжаттардың біразын көрдім. Бұл оқиға туралы шындықты айту үшін кемінде 50 жыл уақыт керек-ау» дегенін еске

түсірген ғалым Қаңтар оқиғасының да әділ бағасын беру үшін бір емес, кемінде ондаған жыл қажет дегенді айтты.

Оны Қаңтар оқиғасына байланысты арнайы құрылған «Аманат» комиссиясының төрағасы Абзал Құспан да мақұлдап отыр. 2022 жылдың ең үздік адвокатының сөзіне қарағанда: «Қазіргі кезеңде бағалаудың үш түрі бар. Ең алдымен құқықтық баға беріледі. Қазір сол кезеңдеміз. Одан кейін саяси және тарихи бағалары беріледі. Тарихи бағаны халық өзі береді».

Бұл туралы 23 желтоқсанда Қаңтар оқиғасының құрбандарына арналған Алматыдағы «Тағзым» мемориалының ашылу рәсімінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқай: «Сол күндері халқымызға зор қауіп төнді. Мемлекеттігіміздің тұғыры шайқала жаздады. Тіпті, «ел болып қаламыз ба, жоқ па» деген сұрақ туды. Бірақ біз мызғымас бірлігіміздің арқасында қатердің бетін қайтардық. Елдігімізді таныттық, мықты мемлекет екенімізді көрсеттік. Ел ішіне іріткі салғысы келген топтарға тосқауыл қойып, жымсықы әрекеттің жолын кестік. Бірқатар қалада өткен бейбіт шерулер жаппай тәртіпсіздікке ұласты. Әсіресе, тәуелсіздігіміздің алтын бесігі – Алматы қаласы қатты зардап шекті.

(Соңы 3-бетте)

КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ СОТ ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚ СТАННЫҢ АЙНАСЫ БОЛА АЛА МА?



Мемлекет басшысы 2022 жылғы 5 қарашада қол қойған «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заңы өз күшіне енді. Сәрсенбіде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз қызметін бастаған Конституциялық Соттың судьяларымен кездесті.

– Бүгінде Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты, бұрын-соңды болмаған бірегей саяси реформалар жүзеге асырылды. Қазіргі таңда дүниежүзінде дәл осындай ауқымды, мазмұнды реформалар жасап жатқан ел бірен-саран. Бұл – ақиқат. Мұны бүкіл әлем мойындап отыр. Қазақстан реформатор мемлекетке айналды. Жалпы, елімізде көптеген өзгеріс болып жатыр. Азаматтардың конституциялық құқығын қорғауға баса мән беріліп отыр. Бұл жұмысқа қоғам өкілдері белсене қатысуға ынталы. Сондықтан мен Конституциялық Сот құру туралы бастама көтердім. Азаматтарымыз жалпыхалықтық референдумда осы және басқа да ұсыныстарға қолдау білдірді. Шын мәнінде, Конституциялық Сот – еліміз үшін өте маңызды институт. Енді азаматтарымыз Конституцияға қайшы келетін нормаларды заңсыз деп тану үшін Конституциялық сотқа тікелей өздері шағымдана алады. Сонымен қатар, Бас прокурор және Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің де Конституциялық Сотқа жүгінуге құқығы бар. Жалпы, Прокуратура, Сот, құқық қорғау органдарының жұмысына қойылатын талап айтарлықтай күшейеді. Конституциялық Сот депутаттардың және Үкіметтің заң шығару жұмысына оң ықпал етеді. Бір сөзбен айтқанда, Конституциялық Сот адам құқықтарын қорғау жүйесінің басты тірегіне айналады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, теория мен тәжірибені ұштастыру үшін Конституциялық Сот құрамына белгілі құқықтанушы ғалымдар мен түрлі салада көп жылдық тәжірибесі бар заңгерлер кірді. Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Азимованың ұзақ уақыт бойы әділет органында қызмет етіп, адам құқығын қорғау мәселелерімен айналысып, халықаралық аренада мемлекет мүддесін қорғаудағы тәжірибесі жаңа салада зор пайдасын тигізеді деген үміт бар.

Жаңадан құрылған институт ел аумағында Ата Заңның үстемдігін қамтамасыз етуі үшін барлық жағдай жасалды. Өйткені, заң үстемдігі қағидатының мызғымастығы еліміздегі саяси реформалардың өзегі саналады. Жүргізіліп жатқан реформалардың саны жағынан, ең бастысы, мазмұны мен сапасы тұрғысынан Қазақстан әлемде көшбасшы елдердің қатарына кіреді. Сондықтан Конституциялық Сот әділетті Қазақстанның айнасы болады. Мемлекет басшысы сондай-ақ, бұған дейін 27 жыл бойы табысты жұмыс істеген Конституциялық Кеңес мүшелеріне және онда әр кезеңде еңбек еткен қызметкерлерге де алғыс айтты.

ҚР Президенті алғаш рет ҚР Конституциялық Сотын қайта құру туралы былтыр 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында айтқан еді. Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдыруда «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа алатынын жеткізген Мемлекет басшысы осы стратегиялық мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін Құқық қорғау институттарын күшейту бастамасында оған айрықша тоқталды.

– Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар. Ата Заңымыз – еліміздің бүкіл құқықтық жүйесінің тірегі. Алайда, белгілі бір заң актісі немесе шешім оған сай келе ме деген сұраққа нақты жауап беру қиындық тудыратын кездер болады. Қазақстандағы түрлі құқық нормаларын Конституциялық кеңес түсіндіреді. Бірақ, азаматтар осындай түсініктеме алу үшін бұл органға тікелей жүгіне алмайды. Көптеген мемлекетте Конституциялық сот институты бар. Оған кез келген адам өзінің сауалын жолдай алады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай орган Қазақстанда болған. Сарапшылар Ата Заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын осы мекеме тиімді қамтамасыз етеді деп санайды. Соны ескере отырып, мен елімізде Конституциялық сот құруды ұсынамын, – деді Президент.

Бұл бастамалар әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам боларына сенім білдірді. Ол институционалдық тұрғыдан тепе-теңдікті сақтауға ықпал етіп, азаматтарымыздың конституциялық құқығының қорғалуын жақсартып түсетінін жеткізді. Соның нәтижесінде 7 айдан кейін «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заң қабылданды. Заңның 3-бабы бойынша Конституциялық Сот төрағаны және оның орынбасарын қоса алғанда, он бір судьядан тұрады. Президент Сенаттың келісімімен төрағаны тағайындады. Ал оның орынбасары Конституциялық Сот төрағасының

ұсынуымен Конституциялық Сот судьяларының арасынан тағайындады. Президенттің бұдан бөлек Конституциялық Соттың төрт судьясын да өзі, қалған 6 судьяны Парламент палаталары төрағаларының ұсынуымен Сенат пен Мәжіліс тағайындаған болатын. Соның нәтижесінде Мемлекет басшысының Жарлығымен Эльвира Әбілхасымқызы Конституциялық Сот төрағасы, Қайрат Жақыпбаев, Айжан Жатқанбаева, Бақыт Нұрмұханов және Роман Подопривога Конституциялық Сот судьялары болып тағайындалды. Айгүл Қыдырбаева, Асан Ескендіров пен Ерлан Сәрсембаевты Сенат, Қанат Мусин, Еркін Оңғарбаев пен Сергей Ударцевті Мәжіліс тағайындады.

«Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заңының 67-бабы бойынша Конституциялық Соттың толық құрамы қалыптастырылған күннен бастап (2 қаңтар) «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» 1995 жылғы 29 желтоқсандағы заңның күші жойылды.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ Конституциялық Сот алғаш рет 1920 жылы Австрияда, одан кейін Чехословакияда пайда болған. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бұл әділет институты Германия Федеративті Республикасында және Францияда да құрылды. 1960 жылдардан кейін олардың қатарына Югославия, Польша, Бельгия, КСРО қосылды. Бүгінгі таңда ол Армения, Беларусь, Болгария, Босния және Герцеговина, Грузия, Италия, Испания, Қазақстан, Қырғызстан, Литва, Молдова, Ресей, Тайланд, Украина сияқты әлемнің өзге елдерінде де бар.

Осы арада айта кететін бір жәйт, 1992 жылы 6 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциялық соты туралы» заңы негізінде ҚР Конституциялық сот 1992–1995 жылдары нормативтік актілердің Конституцияға сай келуін қадағалайтын орган болып жұмыс жасаған болатын. «Қазақстан Республикасының Конституциялық сотын сайлау туралы» ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 2 шілдедегі қаулысымен Конституциялық Сот құрамы 11 адамнан жасақталды. Алғашқы құрамда М.Т. Баймаханов (төраға), И.И. Рогов (орынбасары), Л.И. Башаримов, Ж.Н. Бәйішев, К.Ж. Жалмұқанбетов, Г.В. Ким, С.А. Қасымов, В.А. Малиновский, А.М. Нұрмағамбетов, С.Ф. Ударцев, О.Қ. Ықсанов судья болып тағайындалды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

Жылдар бойы әртүрлі экономикалық, әлеуметтік және саяси мәселелер қатарынан түспейтін өзекті сұрақ – мемлекеттік тілдің баяу дамуы. Қазақ тілі мәселесі мемлекеттік деңгейге көтерілгеннен кейінгі жылдары бұқара жұртшылық та ана тілі үшін белсенділік танытуда. Бірақ әлі шешілмей жатқан түйінді мәселелер баршылық. Бұған дейін талай зиялы тұлғаларымыз болашағымызды ана тілімізсіз айқындай алмайтынымызды айтып келеді. Өйткені, тілсіз ұлттың да келешегі бұлыңғыр.

ЕЛДІКТІҢ ТІРЕГІ

Меніңше, қазақ тілінің үстемдік құруына қарапайым ел азаматтарынан бастап, түгел мемлекеттік жүйе, жеке сектор, қоғамдық белсенді топтар мүдделі болуы тиіс. Өйткені, ортақ мақсатқа тек жұдырықтай жұмылып қана қол жеткізуге болады.

Ана тілімізді асқақтату қоғамның барлық салаларында жүзеге асуы тиіс. Мысалға, сот жүйесі тұрғындардың басым көпшілігі бас сұғатын мемлекеттің негізгі мекемелерінің бірі саналады. Күн сайын мыңдаған адам өз мәселелерін шешу үшін соттарға жүгінеді. Осы процеске куә бола отырып, жалпы ана тіліміздің қолдану деңгейін саралауға да болады.

Ресми статистикаға сүйенсек, республика халқының 70%-ын қазақ тілді азаматтар құрайды екен. Бұл көрсеткіш мемлекеттік тілді қолдану талабы сияқты үнемі өсіп келеді. Сондықтан іс жүргізу құжаттарын мемлекеттік тілде жүргізіп қана қоймай, сот процестерін біртіндеп қазақ тіліне аударудың маңызы зор. Сот шешімі мен үкімінің заңдылығы және негізділігімен қатар бұл да сотқа деген сенімнің бір көрсеткіші десек қателеспейміз.

Қоғам тарапынан жиі айтылатын сындардың бірі – мемлекеттік тілдегі құжаттардың сапасыздығы және бірегейліктің жоқтығы. Осы мәселенің алдын алу мақсатында бірнеше жылдан бері ҚР Жоғарғы Сотымен мемлекеттік тілді дамытуға зор көңіл бөлініп келеді. Мұның айқын дәлелі – өткен жылы жарық көрген «Сот актілерінің мемлекеттік тілдегі үлгілері» жинағы.

Аталған жинақта қылмыстық және азаматтық істер бойынша 300 сот актілері қамтылған, оның көлемі 700 беттен тұрады. Жинақ материалдарына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң және филология факультеттерінің ғалымдары ғылыми талдау жүргізген. Ал заң сараптамасын аумақтық органдардың және Жоғарғы Соттың судьялары өткізген. Көп сатылы тексеруден кейін ЮСАИД қолдауымен кітаптың мың данасы шығарылды. Бүгінде бұл жинақ еліміздегі судьялардың басты «үстел кітабына» айналып үлгерді.

Бұл сот тарапынан жасалып жатқан қадам, ал одан да биік көрсеткішке қол жеткізу үшін әрине қоғамның бұл іске атсалысқаны маңызды. Қазір негізінен процестік заңнамалар бойынша сот ісін жүргізу тілін сақтау үшін құжаттар қай тілде түссе, сол тілде жүргізіледі. Яғни, құжаттар қазақ тілінде болса, сот ісі де қазақ тілінде, егер, орысша болса, онда сол тілде жүргізілуі тиіс.

Алмагуль ҚЗЫЛБАЕВА, Атырау қалалық сотының бас маманы

БАСТЫ МІНДЕТ – АДАЛ ҚЫЗМЕТ

Еліміздің өркендеуі, дамуы, мемлекеттік қызметшілердің отан сүйгіштігіне, білімі мен біліктілігіне байланысты. Ал мемлекеттік қызметтің мәртебесі мен беделі мемлекеттік қызметшінің жұмысымен өзектес. Мемлекеттік қызметкердің ең басты міндеті – халыққа адал қызмет ету.

Мемлекеттік қызметкер мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға, іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық, тағы басқа қағидаларды сақтауға тиіс.

Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстанып, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде

қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайына жол бермеуге тиіс.

Әдеп жөніндегі кеңестің негізгі міндеті – мемлекеттік қызметшілер тарапынан орын алатын құқықбұзушылықтың алдын алу.

А.САЛИХОВА, Жәнібек аудандық сотының кеңсе меңгерушісі БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ЖАЛҒА АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

«Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамы (талап қоюшы) мен жауапкер Д. арасында 2016 жылы сатып алу құқығымен жалға алу шарты жасалған. Осы шарттың 4-тармағы, 4.3.10-тармақшасында тұрғын үйді қосалқы жалгерлікке тапсыруға тыйым салынған, егер осындай жағдай орын алғанда шарт бойынша ай сайынғы төлемнің екі еселенген көлемінде айыппұл қарастырылған.

Талап қоюшы тарапынан 2021 жылы 25 қаңда жүргізілген тексеріс нәтижесінде тұрғын үйді өзге адамның жалға алып тұрып жатқандығы жөнінде акт толтырылған. Осы негізбен акционерлік қоғам сотқа жауапкерден ай сайынғы төлемнің екі еселенген мөлшері, яғни 85 443 теңге өндіруді сұраған талапшы жүгінген.

Сот талқылауында талап қоюшы тек қана толтырылған актіні ұсынып, талабын қолдаса, жауапкер онымен келіспейтінін, алыс туысы

Қызылорда қаласына уақытша келгенін, өздері үйде болмаған уақытында талап қоюшы өкілдері пәтерге келіп, туысына актіге қол қойдырып алғанын, пәтерді ешкімге жалға бермегенін айтқан. Бірінші саты соты талапты қанағаттандырудан бас тартқан.

Шешімге келтірілген шағым бойынша істі қараған азаматтық істер жөніндегі сот алқасы талап қоюшымен толтырылған акт талапты қанағаттандыруға жеткіліксіз екенін, акты толтыруға негіз болған жағдайлар дәлелденбеген деп тауып, бірінші саты сотының шешімін күшінде қалдырды.

Себебі АПК-нің 72-бабында әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс екендігі көрсетілген.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

2023: ЖАҒЫМДЫ
ЖАҢАЛЫҚ ТАРМЕН
БАСТАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ресми тағайындаулардан соң Президент Қ.Тоқаев жаңа министрлерді қабылдап, министрліктердің жауапкершілігіндегі мемлекеттік, салалық бағдарламаларды, ұлттық жобаларды тиімді жүзеге асырудың маңыздылығына тоқталды. Мәселен, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаевқа геология және жер қойнауын пайдалану саласын реттеу, көлік-логистика әлеуеті мен өңдеу өнеркәсібін дамыту, сондай-ақ, тұрғын үй құрылысының көлемін арттыру жұмыстарын тапсырса, экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменоваға су мәселесінің саясаты мен табиғи ресурстарды реттеу, жалпы қоғамды экологиялық тұрғыда тәрбиелеу міндеттері жүктелді. Мәдениет және спорт министрі Асхат Ораловқа туризмді, бұқаралық спортты және мәдениет саласын дамыту жүктелсе, Оқу-ағарту министрі Гани Бейсембаевқа «Жайлы мектеп» ұлт-

тық жобасының уақытылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ, мектептегі және мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру жөнінде нұсқау берді. Әділет министрі Азамат Есқараев заңнаманы және нормативтік-құқықтық базаны одан әрі жетілдіру жөніндегі бірқатар міндеттерді мойнына алды.

Қаңтардан
қалған қаралы із

Тура бір жылғы оқиға халық жадында қайта жаңғырды. Қаңтар құрбандарына арналған ескерткіш Алматы қаласында ашылып, оқуынан опат болған азаматтарға құран бағышталды, жазықсыз жапа шеккендер мемлекет басшысының жарлығымен амнистияға ілікті, өтемақы алды. Бұл ескерткіште елдің аяулы естеліктері жатыр. Халық қаралы күндер тарихына алдағы уақытта әділетті бағасын береді. Жаппай тәртіпсіздікке ұласқан бұл халықтық толқудан зардап шеккен-

дер көп. Солардың қатарында Алматы қаласы үлкен шығынға ұшырады. Әкімшілік ғимараттар, полиция бекеттері өртеніп, дүкендер, дәмханалар, сауда және ойын-сауық орталықтары, банк кеңселері қирады. Ресми мәлімет бойынша сол кезде Алматыда 337 нысан бүлінген, оның ішінде 10 мемлекеттік мекемеге нұқсан келген. Атап айтқанда – Алматы әкімшілігі, Президент резиденциясы, Бас прокуратура, «Qazaqstan» телерадиокомпаниясы мен Алматы қаласы полиция департаментінің алты ғимараты. Ең қатты зардап шеккен – Республика алаңы аумағында орналасқан нысандар. Бүгінгі таңда бұл ғимараттардың басы бөлігі қалпына келтірілді. Қала әкімі Ерболат Досаевтың айтуынша, қазіргі таңда зардап шеккен 1,6 мыңнан астам кәсіпорын 16,2 млрд теңге көлемінде өтемақы алған, оның 95 пайызы 1 маусымға дейін тиісті төлемді алған. Жәбір көрген жеке тұлғаларға 613,5 млн теңге сомасында келген залал толығымен өтелген.

Әлеуметтің
ахуалы алдыңғы
орында

Жыл аяғына қарай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «2023–2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңға қол қойды. Аталған заң жобасы аясында 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап күнкөріс деңгейі, ең төменгі зейнетақы, айыппұл көлемі, жалақы мен жәрдемақы мөлшері, сонымен қоса бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жаңа мөлшері белгіленді. Белгіленген құжат негізінде базалық зейнетақы мөлшерін кезең-кезеңімен көтеру, ынтымақты зейнетақы мөлшерін есептеу кезінде табыстың ең жоғары шектелуін 46-дан 55 АЕК-ке дейін арттыру, сақтандырылған адамдар үшін жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдер мөлшерін орташа айлық табыстың 45%-на дейін өсіру бойынша түзетулер қамтылған. Осылайша, 2023 жылға ең төменгі жалақы мөлшері (ЕТЖ) – 70 мың теңге, айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 3 450 теңге болды. Енді мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 21 907 теңге, ал ең төменгі зейнетақы – 53 076 теңгені құрамақ. Базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс көлемі 40 567 теңге мөлшері.

Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде енді бала күтімі бойынша берілетін төлем мерзімін бір жарым жылға дейін ұзарту жүзеге асады. Төлем бюджеттен ғана емес, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру

қорынан да төленеді. Оны алу үшін жалақыдан міндетті түрде тұрақты жарна аударылып тұруы қажет. 2023 жылдың қаңтарынан бастап осы төлем бір жарым жылға ұзартылады.

Бала күтіміне байланысты сәби бір жарым жасқа толғанша ай сайын төленетін жәрдемақы мөлшері бірінші балаға – 5,76 АЕК немесе 19 872 теңгені құраса, екінші балаға – 6,81 АЕК яғни, 23 495 теңге, үшінші балаға – (7,85 АЕК) 27 083 теңге, төртінші және одан кейінгі балаға – 8,9 АЕК немесе 30 705 теңге. 2023 жылы көпбалалы аналарға яғни төрт және одан да көп баласы бар отбасыға төленетін жәрдемақы мөлшері де артады. Мәселен, 4 балаға – (16,03 АЕК) 55 304 теңге, 5 балаға – (20,04 АЕК) 69 138 теңге, 6 балаға – (24,05 АЕК) 82 973 теңге, 7 балаға – (28,06 АЕК) 96 807 теңге, 8 балаға – (32 АЕК) 110 400 теңге төленеді. Ал сегіз баладан көп баласы бар отбасыларға одан кейінгі әр бала үшін 4 АЕК-тен (13 800 теңге) қосылады. Яғни, 9 балаға 36 АЕК (124 200 теңге), 16 балаға 64 АЕК (220 800 теңге). Биылдан бастап «Алтын алқа», «Күміс алқа» алған көпбалалы әйелдерге 2023 жылы ай сайын 6,4 АЕК немесе 22 080 теңге мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Ал 2023 жылы мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-анаға, қамқоршыға төленетін тұрақты мөлшері 56 794 теңге болып бекітілді. Мемлекеттік жүйеде басқа да өзгерістер мен жаңалықтар көп. Алдағы уақытта ел тек осы игілікті істерден үлкен үміт күтеді.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ЖАҢҒЫРЫҚ

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫ –
ҚОҒАМДЫ ҰЙҚЫСЫНАН
ОЯТТЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қарақшылар қаланы қиратты. Күштік құрылымдарға шабуыл жасап, қару-жарақ қоймаларын тонады. Соның кесірінен жазықсыз адамдар опат болды. Қираған дүниені қалпына келтіруге болады. Бірақ үзілген өмір қайта жалғанбайды. Мұндай оқиға ешқашан қайталанбауы үшін біз қолдан келгенін бәрін жасап отырмыз. Еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын қорғау – бәріміздің перзенттік парызымыз. Бұл мақсат – Президент ретінде мен үшін ең қасиетті борыш. Тұрақтылық пен татулық болса ғана, осы міндетті ойдағыдай орындай аламыз» – деді.

Мемлекет басшысы сондай-ақ, алдымызда ауқымды әрі күрделі жұмыс тұрғанын айта келіп, біз тұтас ел болып жаңғыру және жаңару жолына аяқ бастық. Әрине, бұл тек басы ғана, бұл жолдың оңай болмайтыны анық. Бірақ біздің басты мақсатымыз баршаға айқын. Бұл – Әділетті Қазақстанды құру және бәріне бірдей мүмкіндік беретін қоғам қалыптастыру дегенді айтты.

Бұған дейін Қаңтар оқиғасына қатысты Мәжіліс депутаттары құқық қорғау органдарына ресми сауал жолдап, Парламентте олардың есебін тыңдаған болатын. Кейін Мемлекет басшысының қолдауымен «Рақымшылық туралы» заң жобасы әзірленіп, қабылданды. Бұл елдегі демократиялық және саяси өзгерістердің тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде де нақты көрініс таба бастағанының бір белгісі.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ



Нүриден ДАУЫЛБАЕВ, ҚР ІІМ басқарма бастығы:

«ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫНА
РЕФОРМА КЕРЕК»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ұйымдасқан топтардың іс-әрекеттері стратегиялық және тактикалық тұрғыдан, соның ішінде қауіпсіздік күштерімен шайқас кезінде де тексерілді. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда шабуылдаушылар құқық қорғау органдарының өкілдерін шатастыру үшін қауіпсіздік күштерінің арнайы киімдерін киіп, арандату әдістерін қолданды, қару-жарақты сақтау орындарынан және басқа ақпараттардан хабардар болды, бұл олардың ұзақ уақыт бойы үлкен дайындық жұмыстарын жүргізгенін көрсетеді.

Шабуылдаушылар көбінесе 5 адамнан тұратын топтарда жүрді, олардың бірі куратор, ал басқалары орындаушылар болды. Жекелеген жасақтар азық-түлік, қару-жарақ, алкогольдік ішімдіктер мен есірткі заттарын тасымалдауды жүзеге асырды. Олар түзеу мекемелеріне мақсатты түрде шабуыл жасады. Мәселен, Талдықорған қаласында аса қауіпті адамдарды босату үшін тергеу изоляторының ғимаратын басып алудың көптеген әрекеттері тіркелді. Қаңтардағы жаппай тәртіпсіздіктер кезінде мемлекеттік және жеке нысандардың қиратылғаны белгілі. Салдарынан мемлекеттік органдарға, кәсіпкерлерге және жеке тұлғаларға миллиардтаған шығын келді.

Мысалы, Алматы қаласында 7 аңшылық дүкені тоналды, оның ішінде бір жарым мыңға жуық қару-жарақ, сондай-ақ, аңшылық керек-жарақтары мен киім-кешек ұрланды. Сол сияқты, шаруашылық субъектілеріне 37,5 млрд теңге залал келтірілген. Оның дені Алматыға тиесілі. Тәртіпсіздік салдарынан кәсіпкерлердің құны 34,3 млрд теңге болатын мүлкі бүлінген және ұрланған.

Бүгінде қаңтар оқиғасы кезінде зардап шеккен бизнес субъектілеріне мемлекеттен 14,6 млрд теңге өтемақы төленді.

– Осы оқиға кезінде қаза тапқан поли-

ция қызметкерлерінің отбасыларына қандай көмек көрсетілді?

– Қазақстанда мұндай жағдай бұған дейін ешқашан болған емес. Полиция қызметкерлері мен әскери қызметшілердің батылдығы мен ерлігі арқасында құқықтық тәртіпті қалпына келтіруге қол жеткізілгенін бәріміз түсінуіміз керек. Бірақ бұл жерде тек құқық қорғау органдары туралы айту дұрыс емес. Жаппай тәртіпсіздіктер кезінде азаматтар мен қызметкерлер арасында адам шығыны орын алды.

Құрбан болғандардың, осал топтарға жататындардың отбасыларына тергеу нәтижелеріне қарамастан гуманитарлық төлемдер төлеу туралы шешім қабылданды. «Қазақстан халқына» қоры 91 қаза тапқандардың отбасыларына 637 млн теңге материалдық көмек көрсетті. Сондай-ақ, мемлекет тарапынан күштік құрылымның қаза тапқан барлық қыз-

меткерлерінің отбасыларына материалдық жәрдем көрсетілді.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ішкі істер саласында реформалар болатынын айтты. Сол туралы пікіріңізбен бөліссеңіз.

– Мемлекет басшысы тек полиция туралы ғана емес, бүкіл күштік құрылымдар реформаланады, – деді. Мұндағы басты міндет – азаматтарды, конституциялық құрылысты және егемендікті кез келген сипаттағы және ауқымдағы қатерлерден қорғау мақсатында ведомствоаралық үйлестіруді жетілдіру. Орын алған қайғылы оқиғалар тұрақтылық пен бейбітшіліктің нәзіктігін нақты түсінуге сабақ болды, сонымен қатар бұл мемлекет пен азаматтардың біртұтас бірлікте екендігіне көз жеткізуге мүмкіндік берді.

Қоғам мен мемлекет бірлесіп қоғамдық шарттың жаңа форматына келуге тиіс. Бұл жаңа Қазақстанның іргетасы болмақ. Сонымен бірге, мемлекеттің өзі жалпы бюрократияны жоюы керек, ал жұмыстың өлшемі – мазмұны бойынша есептер емес, айқын фактілер болады. Жұмыстың басты индикаторы – қазақстандықтардың әл-ауқаты, табысы мен тұрмыс сапасын арттыру.

Ішкі істер органдары сайлауалды бағдарлама шеңберінде Мемлекет басшысының алға қойған міндеттерін орындауға бағытталған кешенді шаралар қабылдап жатыр. Ең алдымен, бұл XXI ғасырдағы қазақстандық полицияның кәсіби сервиске бағдарланған моделін құру. Бюрократиядан адамға бағытталған модельге көшу, проблемалық-бағдарланған тәсіл мен клиентке бағдарлануды енгізу қамтамасыз етіледі. Жалпы, ішкі істер органдары жүйесін одан әрі дамытудың негізгі бағыттары қоғаммен серіктестік негізінде әзірленіп жатқан Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасының жобасында айқындалады.

Сұхбаттасқан Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

Сіз не дейсіз?

Мәлік ЖАҚАЕВ, «Жақаев» жеке кәсіпкерлігінің иесі:

– Қаңтар оқиғасы кезінде 2 тиегіш, 1 каток, 1 экскаватор, 1 камазымыз «Шахристан» деген тұрғын-үй кешенінің күзетілетін нысанында тұрған. Онда жер жұмыстарын жүргізу үшін апарылған бұл техниканың екеуін қаңтардың 4-нен 5-не қараған түні біреулер айдап алып кеткенін ертесі ғана білдім. Онда да техникаларыңды көшеден көрдік деп танымстар телефон шалып айтты. Біреуі метроға қарама-қарсы, екіншісі қалалық әкімдік жақта тұр екен. Тиген оққан қоробқаның майы ағып кетіпті. Өзге техникалары оталдыра алмаған сияқты. Терезелерін қиратып кетіпті. Кейін «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасы арқылы мемлекет шығынымызды төлеп берді. Бұл апаттан жеке кәсіпкерлердің шығынын өтеп бергені үшін өзгелер секілді мен де мемлекетке рақметімді айтқым келеді. Шыны керек бұл өзі төтеннен болған жағдай болды ғой.

Асхат ИСКАКОВ, қонақ үй иесі:

– Менің қонақ үйім Райымбек көшесіндегі 542 үйде орналасқан. Біз Қаңтар оқиғасы кезінде тура адамдар жиналған жерде тұрғандықтан зардап шектік. Өзге кәсіпкерлік нысандары секілді біздің де шығынымыз есептеліп, мемлекет тарапынан өтемақы төленді.

Қаңтар оқиғасы кезінде 100 адам бола ма, мың адам бола ма әйтеуір ұйымдастырушылардың болғаны анық. Егер олай болмаса бүкіл қала дәл осылай көтерілмес еді. Халық өз қарсылығын көрсетті. Мемлекет қолдауына зәру екенін ашына айтты. «Аш бала тоқ баламен ойнамайды» дегендей халық тоқ болса мұндай жағдай болмас еді. Халық алаңға еріккеннен емес, ашынған соң жиналды. Әрине көпшілік болған оң арасында тонаушылық жасап, бөтеннің мүлкін бүлдіріп, қиратушылар да болды. Ол тобыр жүрген жерде міндетті түрде орын алатын нәрсе. Ішімдік ішіп алып жүргендер болды ғой. Шынын айтқанда оларды біреулер әдейі ішкізді, сол үшін оны таратты. Егер мұндай шалақ ойылар болмағанда жағдай басқаша болар ма еді. Әрине жиналғандардың бәрі ішімдік ішіп алды деу қате. Кәсіби түрде дайындалып келіп, техникалық құрал-саймандармен, машинамен келіп банк, дүкен тонағандар да болды. Өйткені, қала иесіз қалды ғой былайша айтқанда. Сондықтан әркім өзінің ойына келген нәрсені жасады. 3 күн бойы қалада ешқандай полиция болмауына жогары жақтан түскен команданың әсері тиігені анық.

Жалпы, Қаңтар оқиғасын өз басым қоғамдағы үлкен өзгерістің басы деп қабылдаймын. Білік органдары тарапынан кәсіпкерлерге, халыққа бұрынғыға қарағанда көбірек көңіл аударыла бастады. Халықтың еңсесі көтеріліп, олармен еркін сөйлесе бастады. Түрлі оңайында атқарушы органдар әкімдіктер мен ішкі істер органдарына жұрт қазір басын көтеріп кіреді. Ол бұрын болмаған. Сондықтан Қаңтар оқиғасынан кейінгі 1 жылдағы ең басты өзгеріс деп азаматтық қоғамның оянуын атауға болады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОҢ ҚАДАМ

Сот әкімшілігінің басшысы Наиль Ахметзакиров пен Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаев ғимаратты ашып, лентаны салтанатты түрде қиды.



СЕМЕЙДЕ ОБЛЫСТЫҚ СОТ ҒИМАРАТЫ АШЫЛДЫ



Аталған іс-шараға өңірдің мемлекеттік және құқық қорғау органдарының басшылары, судьялар мен сот жүйесінің ардагерлері қатысты.

«Мұндай қуанышты сәт Мемлекет басшысының Семейге облыс орталығы мәртебесін қайтару туралы шешімінің арқасында мүмкін болды. Облыстық сот жаңа ғимараттың ашылуын тарихи бай бұрынғы Шәкәрім атындағы университеттің ғимаратында өткізіп отыр. Бұл шығармашылықпен әрі жаңаша серпінмен жұмыс істеуге мүмкіндік береді», – деді Наиль Ахметзакиров.

Ол ғимаратқа жөндеу жұмыстары жүргізілгенін, судьялар мен келушілер үшін қолайлы жағдайлар жасалғанын, сот отырыстары өтетін залдар мен жұмыс кабинеттері жиһазбен және ұйымдастыру техникасымен жабдықталғанын, сондай-ақ, келешекте сот төрелігі стандарттары ескеріле отырып, жаңа ғимарат салу мәселесі қарастырылып жатқанын айтты.

«Мемлекет сот жүйесін дамытуға баса көңіл бөледі. Бүгінгі оқиға соның айқын дәлелі. Енді Абай облысында дербес сот мекемесі бар. Әрине, ал-

дағы уақытта облыстық сот жаңа, анағұрлым заманауи ғимаратқа орналасатын болады», – деп атап өтті Н. Ұранхаев. Ол облыстық соттың судьялары әділетті шешім шығаратынына және еліміздің сот жүйесін дамытуға зор үлесін қосатынына өз сенімін білдірді.

Облыстық соттың төрағасы Қайрат Чақпантаев Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Тиімді сот жүйесі кезінде қоғамда заңның үстемдігі сенімді түрде орнығады, бұл біздің азаматтарымыздың әлауқаты мен қауіпсіздігіне оң әсер етеді», – деген сөзін еске салды.

Сот жүйесінің ардагері Кенжеш Мұқашев судьяларға

қоғамның сенімін арттыру үшін жұмыс жасауға тілек білдірді.

Салтанатты шарадан кейін жиынға қатысушылар облыстық соттың ғимаратын аралап көрді. 17 құрамнан тұратын Абай облыстық соты 1980 жылы салынған, Семей қаласының сол жағалауындағы ғимаратқа орналасқан. Ауданы 4 мың шаршы метрден астам. Онда сот отырысы өтетін 9 зал, судьялар мен мамандарға арналған кабинеттер, медиация, оқу орталығының бөлмелері бар. Олар соттың қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет нәрсенің бәрімен жабдықталған.

Н. Ахметзакиров сонымен қатар облыстық соттың судьяларымен және Семей қаласындағы аудандық соттардың төрағаларымен кеңес өткізді. Өз сөзінде ол Мемлекет басшысының жолдауында айтылған судьялардың тәуелсіздігін нығайту және сот жүйесіне білікті заңгерлерді тарту үшін жағдай жасау туралы тапсырмалардың іске асырылу барысы туралы баяндады.

Абай облыстық сотының баспасөз қызметі



МЕНИҢ АДВОКАТЫМ



ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ

Көп балалы аналардың көпшіліктің қолдауына, жылы сөзіне мұқтаж екені белгілі. Ұл-қызының ертеңі үшін күндіз-түні тынбай тірлік етіп, жарғақ құлағы жастыққа тимейтін аналар құқықтық сауатын ашып, жол көрсеткен әрбір жанға шексіз риза. Соның ішінде қысылтаяң кезде көмегін аямайтын адвокаттар қауымына алғысымыз шексіз. Өкінішке қарай, бүгінгідей барлығын қаржыға келіп тірейтін заманда өз қызметін тегін көрсететін заңгерлер көп емес. Кеңес бергені үшін де теңге сұрайтын заңгерлерді көзіміз көріп жүр. Ал Бағдат Амандосұлы шарасыз күйге түсіп айналасынан көмек сұраған бір емес, бірнеше ананың жанайқайына құлақ асып, тегін қызметін ұсынған санаулы ғана азаматтың бірі.

Мен Астана қаласындағы Алматы ауданында орналасқан Жұмекем Нәжімеденов көшесіндегі 13-үйдің тұрғынымын. Көп балалы анамын. Аудандағы көп балалы аналардың Бағдат Амандосұлына арналған ыстық лебізін «Заң газеті» арқылы жеткізуді жөн деп отырмын. Себебі, «Заң газеті» – заңгерлердің, құқықтық салада тер төгіп жүрген мамандардың басылымы. Бағдат Амандосұлының бізге жасаған игі ісін, ақысын қызметін насихаттай отырып, мен жақсы адамның өнегелі еңбегін өзгелерге де үлгі етуді мақсат еткен жайым бар.

Бағдат Амандосұлының мықты маман, жанашыр азамат екенін біз іс барысында көрдік. Көп балалы ана болғандықтан өзіміз секілді аналардың жағдайын біліп, жәрдемдесіп жүру біздің қашанғы әдетіміз. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласында тұратын Сарсененова Гулзайраның тағдыры баршамызды бейжай қалдырмады. Бірнеше айға созылған сот процесі көп балалы ананы әбден тығырыққа тіреді. Біз қаншама заңгерден көмек сұрадық, қаншама адвокаттың есігін қақтық. Заңгерлер бір ауыз сөзі үшін, бір ауыз кеңесі үшін ақы талап етіп жатты. Өзіміз телебағдарламалардан көріп жүрген, еліміз деп еніреп отыратын заңгерлердің жеме-жемге келгенде қу ақшаның құлы екеніне көз жеткіздік. Осы сәтте шарасыз ананың жанайқайына құлақ түрген, істің дұрыс шешілуіне атсалысқан, бізбен соңғы сәтке дейін бірге күрескен жалғыз заңгер – Бағдат Амандосұлы болды.

Бағдат Амандосұлы бір ананың қайта өмірге келуіне себепші болды, анығын айтқанда бір суицидтің алдын алды. Суицид ол психикалық дерт. Адам мұндай оқыс қадамға не үшін барады? Оған жанұядағы келеңсіз жағдайлар, жақын тума-туыстың опасыздығы, жеке өмірі, намысына тию секілді жағдайлар әсер етеді. Мұндай қиындықтан құтқару үшін білікті заңгер ғана емес, мықты психолог, жанашыр жан бола білу керек.

Елдің жағдайын ойлайтынын сөзімен емес, ісімен дәлелдеген Бағдат Амандосұлына аналық алғысымызды білдіргіміз келеді. Жылғағанға жәрдем беріп, қысылғанды қолтығынан демеген заңгердің жұмысы табысты, отбасы аман болсын!

Ұлбол КОНУРБАЕВА
АСТАНА

МІНБЕР

ТУРА БИДЕ ТУҒАН ЖОҚ

Сот жүйесі – азаматтардың құқығы мен бостандығын сақтаудың, қоғамдағы тұрақтылық пен дамуы қамтамасыз етудің бірден-бір кепілі саналады. Ата Заңымызда Қазақстанда сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыратындығы, судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынатындығы көрсетілген.



Серік НАУРЗБАЕВ,
Мұнайлы аудандық сотының төрағасы

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», – демекші қазыларға деген талап қашан да жоғары. Себебі, әділетті сот – кез келген мемлекеттің негізі. Ал бүгінгі қазылары үшін әдептілік қағидалары Судьялық әдеп кодексінде айқындалған. «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарының 19-қадамына сай судьялардың есеп беру тәртібін күшейту, судьялардың жаңа этикалық кодексін жасау тапсырмасы аясында жасалған кодекс судьялардың мінез-құлық қағидаттарын жинақтап берді. Осы орайда, бұл кодекстің елімізде ғана емес, Венециядағы Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссиясы (Венеция комиссиясы) сияқты халықаралық ұйымның да оң бағасын алғанын атап өткен жөн.

Аталған кодекстің алғашқы бабында судья берген анығына берік болуға, қоғамдық қызмет пен тұрмыстық жағдайда әрекеттерді жүзеге асырған кезде, әдепсіз жүріс-тұрыстың көріністеріне жол бермей, судья лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болып, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауға тиіс екендігі көрсетілген. Сондай-ақ, судьялар сот билігінің беделін түсіруге әкеп соғуы және судьяның абыройына нұқсан келтіруі мүмкін іс-әрекеттерден өзін жоғары ұстауы керек. Судьялар сот отырыстарын мәдениетті жүргізіп, өзін әдепті ұстап, сот төрелігінің әділдігі тараптардың күмәнін туғызбауы үшін шаралар қолдануы қажет. Одан бөлек, сот процесінен тыс кезде де қазылардың іс-әрекеті, мінез-құлқы қоғамның сеніміне селкеу түсірмеуі керек.

Атап айтсақ, судья сот беделіне нұқсан

келтіретін қоғамдық іс-шаралар мен өзге де көпшілік орындардан аулақ болуға тиіс. Ал, Судьялық әдеп кодексінің 11-бабында судьяның жеке таныстық пен байланыстарда талғампаз болып, одан қызметтік тәуелділіктегі адамдармен, өндірісіндегі істер бойынша сот процесінің қатысушылары болып табылатын адамдармен қаржылық міндеттемелерді туындататын азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасасудан аулақ болуы керектігі көрсетілген.

Тағы бір айта кетерлігі, кодексте белгіленген жүріс-тұрыс қағидалары барлық судьялармен қатар, отставкадағы судьяларға да ортақ. Жалпы бұл құжат – сот билігінің беделін түсіруге әкеп соққан және судьяның абыройына нұқсан келтірген, ортақ ережелерді бұзғаны үшін судьяны заңға сәйкес тәртіптік жазаға тарту үшін негіз болып табылатын тетіктерді айқындап берді. Сондай-ақ, азаматтардың шағымы бойынша судьяларға қатысты қоғамдық ықпал ету шаралары да қолданылуы мүмкін.

Қоғам бүкіл сот жүйесіне судьялардың шығарған сот ақтілерінен бөлек, өзін-өзі ұстауы мен мәдинетіне қарай да баға беріп жатады. Сондықтан, сот жүйесіндегі басты тұлға судья болғандықтан, олардың тиісті әдеп нормаларын сақтауы «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді», – демекші, бүкіл қазылардың беделі мен сот төрелігіне теріс әсерін тигізетінін ұмытпағанымыз абзал.

Қорыта айтсақ, қоғамның сотқа деген сеніміне сызат түсірмей, тәуелсіз еліміздің тұғырының биік болуына атсалысу – біздің басты міндетіміз бола бермек.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

БІТІМ

МЕДИАЦИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Бүгінде азаматтар медиацияның мәнін түсініп, маңызына көз жеткізе бастады. «Медиация туралы» заң қабылданған уақыттан бері дауларды реттеудің баламалы тәсілдерін дамыту бағытында атқарылған шаралар ауқымды. Сәйкесінше қолымыз жеткен нәтиже де жоғары.

Медиацияның қолданыс аясын кеңейту, дауларды сотқа дейін шешу, бітімгершілік институтын жандандыру – Қазақстанның құқықтық жүйесін дамытудың маңызды векторы болып табылады. Өйткені, бұл қоғамдағы жанжалдар деңгейін төмендетуге ықпал етеді, сонымен бірге соттардың жүктемесін азайту арқылы сот төрелігінің сапасын арттыруға түрткі болады.

Медиацияның бүгінгідей жоғары сұранысқа ие болуының мәні тереңде. Себебі, ең алдымен бітімгершілік қазақтың қанында бар. Тентегін түрмесіз түзеп, келіспеушілікті ауыл арасынан алысқа ұзатпай шешуге дағдыланған халқымызға медиация таңсық деп айта алмаймыз. Қазақтың құқықтық әліппесінен байқағанымыздай ел ішіндегі даудың барлығы өзара мәмілемен, ортақ келісіммен реттелген. Қазақ билері шешім қабылдағанда «Дау мұраты – бітім» деген қағидалы басшылыққа алған. Медиация элементтерінің еліміздің құқық тарихында ерекше орын алғанын осыдан да аңғаруға болады. Бұл бабаларымыздың бірлік пен татулыққа, сыйластыққа терең мән бергенін көрсетеді.

Медиацияның дамуына сот саласы айтарлықтай үлес қосты. Ең алдымен «Медиация туралы» заңның артықшылығын түсіндіріп, игілігін насихаттау бағытында қыруар жұмыстар қолға алынды. Әр өңірде ақсақалдар алқасын құрып, дауды бітімгершілікпен бітірудің негізі қаланды. Әлі медиацияның не екенін түсінбейтін аймақтарда медиаторлар шоғырын қалыптастыру да оңай шаруа болған жоқ. Сот саласындағы кешенді жұмыстардың нәтижесінде кәсіби және кәсіби емес медиаторлар қатары толығып, олар алмасу қызмет ету үшін сот ғимараттарынан арнайы бұрыш, бөлмелер ұйымдастырылды. Бұл жұмысқа кейіннен әкімшіліктер, ассамблея, кәсіпкерлер палатасы белсене атсалысты. Осылайша әр аймақта Билер кеңесі құрылып, тәжірибесін

шыңдаған медиаторлардың белсенділігі де, беделі де өсе түсті. Бүгінде азаматтар медиаторлар қызметіне жиі жүгінеді.

Медиация халыққа қызмет етеді. Ал өзіне үлкен жауаптылық жүктелген медиаторлар бейтарап болуға, медиацияны екі тараптың мүддесі үшін жүргізуге және медиация рәсіміне тараптардың тең қатысуын қамтамасыз етуге тиіс. Медиаторлар – дауды бейбіт шешуші, екі тарапты татуластырушы.

Медиацияны бұдан кейін де жандандыру үшін үлкен жауаптылық жүктелген медиаторлар бір сәт те бекендемеуі керек. Әсіресе, медиаторлардың жұмысы туралы кең көлемді ақпарат беріп, жанашырлық тұрғысынан жарнамалап отыру артықшық етпейді. Медиацияда ең алдымен тараптарды татуластыру, сол арқылы азаматтардың уақыты мен қаржысын үнемдеу, жол әуресінен құтқару, жүйкесін сақтау, жұмысындағы берекесіздіктен құтқару сынды ізгі мақсаттар тұрады.

Медиация барысында тараптар мен медиатор басшылыққа алатын қағидалар бар. Оның біріншісі – еріктілік. Тараптардың және медиатордың өзара ерікті еркін білдіруі медиация үдерісіне қатысудың шарты болып табылады. Екіншісі – медиация тараптарының тең құқылығы. Медиация тараптары медиаторды, медиация тәртібін, ондағы өз ұстанымын, оны қорғаудың әдістері мен құралдарын таңдауда, ақпаратты алғанда, дауды реттеу туралы келісімнің шарттарын бағалауда тең құқықтарға ие. Үшіншісі – медиатордың тәуелсіздігі және бейтараптығы. Медиацияны жүргізген кезде медиатор тараптарға, мемлекеттік органдарға, басқа заңды, лауазымды және жеке тұлғаларға тәуелді болмайды. Төртіншісі – құпиялық. Медиация қатысушыларының медиация барысында оларға мәлім болған мәліметтерді сол ақпаратты берген медиация тарапының жазбаша рұқсатынсыз жариялауға құқысы жоқ. Осындай артықшылығының өзі медиацияның халық игілігіне қызмет ететінін, «Медиация туралы» заң халықтық заң екенін дәлелдейді.

Алтай ӨТЕМІСОВ,
Сайрам аудандық сотының судьясы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ҚОШ БОЛ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҚАРА НАРЫ!

Шарафаддин Әмір – құқықтық журналистиканың көшін алға сүйреп жүрген арда ағамыз еді. Көп адамның тісі бата бермейтін заң саласының жілігін шағып, майын ішкен ағамыздан үйренгеніміз аз болмады.

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясындағы жұмысында қарапайым тілшіден бастап, бас редактор, корпорация басшысы деңгейіне дейін көтерілген Шарафаддин Ембергенұлы соны идея, жаңа бастамаларымен ұжымды соңынан ерте білді. Осы жылдары жүзден аса маманның басын қосқан корпорация республикалық төрт журнал мен екі газеттің қазақ баспасөзінен ойып тұрып орын алуына түрткі болды.

Шарафаддин Әмір айналасына білікті мамандарды топтастырып, ұйымшыл ұжымның ұйытқысы бола білген мықты көшбасшы. Бүгінде республикаға танымал Кәдірбек Құныпияұлы, Жарас Сәрсек, Қалбай Әділ, Елеусіз Мұрат, Қуандық Оразбек, марқұм Аманхан Әлімұлы Шәкеңнің жетекшілігімен құқықтық, зайырлы мемлекет құру, еліміздің құқықтық сауатын көтеру ісіне белсене араласты. Шарафаддин Әмірдің қолдауымен заңның қыр-сырын жетік меңгерген, оқырманнан түскен арыз-шағымдар бойынша терең, сауатты журналистік

зерттеу жүргізуге маманданған жас журналистердің шоғыры қалыптасты. Түймегүл Ибашева, Камила Ысқақова, Айнұр Сембаева, Елгүл Нұғманова, Айман Құлпатшаевалар Шәкеңнің шекпенінен шыққан жастар. Бүгінде олардың өзі шәкірт тәрбиелеп, құқықтық саланы ілгерілету үшін еңбек етіп жүр.

«Заң газетінің» жандануына, оқылымды болуына өлшеусіз үлес қосқан Шарафаддин Ембергенұлы өмірінің соңғы жылдары «Жеті жұрт», «Ақиқат арнасы» республикалық басылмаларына жетекшілік етіп, тәуелсіз қазақ журналистикасының өркендеуіне де ықпалын тигізді. Денсаулығы сыр беріп, ауруы меңдесе де қаламын қолынан тастамай, кәсібіне адалдық танытқан Шарафаддин Әмірдің есімі әріптестерінің жанынан ешқашан ұмытылмайды. Ағамыздың есімі құқықтық журналистика тарихында алтын әріппен жазылары хақ!

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ,
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы»
ЖШС директоры



АУЫР ДЕРТ АЛЫП ТЫНДЫ

*Серілікті жүруші ек сертіміз деп,
Суық ызғар соқты ма ерте үйдеп?..
Бірден бірге бара ма күн азайып,
Күннен күнге бара ма дертің үдеп..
Күннен күнге азайып салмағың да,
Алаң көңіл атойлар ар жағыңда.
Көзіміздің алдында шөмейдің-ау..
Дерт дейтуғын жем болып жалмауызға.
...Соны ойласам шығады, құрсын, есім!..
Жақындардың қатырды-ау мұң сілесін.
Қалмасаң да қатардан әл-әзірге,
Анда-санда ауыр бір күрсінесің..
Қайтпек керек, бір амал білген күнде,
Шыныменен осындай түрге ендің бе?..
Серпіл дер ме ек, шипасын тапқан болсақ,
Дертің меңдеп барады-ау күннен күнге...*

Осыдан төрт ай бұрын жазылған өлең еді. Өзіне оқып бере алмадым. Ауыр дерт ақыры алып тынды...
Бақұл бол, досым, Шараф! Алла-Тағалаң алдыңнан жарылқасын!

Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ,
Ақын

Қалбай ӘДІЛ,
Журналист

Адайбек БЕЙІМБЕТОВ,
Ардагер судья

БАРАР ЖЕРІҢ БЕЙІШ БОЛСЫН!

Ол туралы, ізімдегі ағалап жүрген інілерімнің бірі жайлы қазанам жазу мен үшін азап, әрине. Алпыс жасын толтырғанда кәсіліп тұрып мақала жазып едім. Таңертең ініме барып, көңілін сұрап қайтпақ болып жиналғанмын. Кешігіппін. Таң алдында қайтпас сапарға аттаныпты. Күңіреніп қалдық.

Ол қазақы қалыптың адамы еді. Жасы үлкенді сыйлау, қос қолдап сәлем беру салтына айналған болатын. Мен оны «Нұри Мұфтақ» деуші едім. Сол ағасы сияқты арыз тексеруде әділдіктен айнымайтын. Тұрашыл болды. Оны айналасындағы достары түгел мойындайды.

Шарафаддинді құқық саласындағы санаулы журналистердің бірегейі десек, артық айтқандық емес. Ол өз ісінің жетік маманы болмағанда үлкен лауазымдарға ие бола алмас та еді. Амалымыз қанша, ұлт жанашыры, жақсы бір інімнен айырылдым. Жатар жерің бейіш болсын!

БІЛГЕН ЖӨН

ЗАҢДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ФАКТІЛЕР ҚАЛАЙ АНЫҚ ТАЛАДЫ?

Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау өздерінің құқықтары мен мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ететін азаматтар үшін де, мемлекет үшін де маңызды. Себебі, заңдық маңызы бар фактілерді анықтау бойынша сот тәртібін белгілеу кезінде заңсыз жеңілдіктер мен мүлктік пайда көру мақсатында құқықтарды теріс пайдалануға жол берілмейді.

Заңдық маңызы бар фактілер деп – азаматтардың немесе заңды тұлғалардың жеке не мүлктік құқықтарының туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына байланысты болатын фактілерді айтамыз.

Сот мынадай фактілерді: адамдардың туыстық қатынастарын; адамның біреудің асырауында болуын; тууды, бала асырап алуды, некеге тұруды, ажырасуды және қайтыс болуды тіркеуді; әке болуды тануды; құқық белгілейтін құжаттардың (әскери құжаттарды, төлқұжатты, жеке куәлікті және азаматтық хал актілерін жазу органдары беретін куәліктерді қоспағанда) құжатта көрсетілген аты, әкесінің аты немесе тегі осы адамның паспорты, жеке куәлігі немесе туу туралы куәлігі бойынша атына, әкесінің атына немесе тегіне сәйкес келмейтін адамға тиесілі екендігі; егер нотариаттық әрекет жасайтын тұлға мұрагерлік мүлкті иелену үшін күшіне ену фактісін растауға қажетті тиісті құжаттардың болмауына немесе жеткіліксіздігіне байланысты мұраға құқық туралы куәлікті арыз берушіге бере алмаса, мұрагерлікті қабылдау және мұрагерліктің ашылу орнын анықтау туралы істерді қарайды. Сондай-ақ, Қазақстан заңнамасын-

да басқа заңдық маңызы бар фактілерді анықтаудың өзгеше тәртібі көзделмесе, оларды сот анықтайды.

Сот арыз берушінің заңдық маңызы бар фактілерді куәландыратын тиісті құжаттарды өзге тәртіппен алуы мүмкін болмағандықтан кезде не жоғалған құжаттарды қалпына келтіруі мүмкін болмағандықтан кезде ғана осы фактілерді анықтайды. Әлбетте, сотқа жүгіну үшін белгілі бір мақсаттың болуы анық, яғни, жүгініп отырған адамға белгілі бір құқығын жүзеге асыруға қажеттілігінен туындайды.

Заңды маңызы бар фактіні анықтау туралы арыздың мазмұнында ерекшелік бар, яғни, арыз берушінің сотқа жүгінудегі мақсаты, құқықтық мүдде (мысалы, мұраны қабылдау) және арыз берушінің тиісті құжаттарды алуға немесе жоғалған құжаттарды қалпына келтіруге мүмкіндігінің жоқтығы туралы дәлелдемелер келтіруі тиіс.

Бұл тұрғыда, істі қарайтын судья ҚР Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы №13 «Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулысының ережелеріне сәйкес, істі сот талқылауына дайындау барысында сот

арыз берушіден фактіні анықтаудағы оның заңдық мүддесінің бар-жоғын, арыз берушіден осы фактіні куәландыратын тиісті құжатты алуға немесе оны қалпына келтіруге мүмкіндіктің жоқтығын растайтын жазбаша дәлелдемелерді талап етуі қажет.

Нақ сол немесе өзге фактіні тіркеу тәртібінің болмағанын не фактіні тіркеу тәртібінің сақталмағанын және оған мұндай жағдайларда жүгінуге мүмкіндіктің жоқтығынан (мысалы, қайтыс болу фактісі, баланы ата-анасы бала туғаннан кейін некені тіркеп, баланың тууы туралы жазбаға түзетулерді уақытылы енгізбеген және мұны жасау әкесінің қайтыс болуына байланысты мүмкін болмаған жағдайларда әкелікті тану фактісі) құжатты алу мүмкін емес деп түсіну қажет. Фактіні растайтын құжаттар болғанымен, оларда құжаттың дәлелдемелік маңызынан айыратын, түзетілуі мүмкін емес қателіктер мен сәйкессіздіктер (мысалы, жазатайым жағдай туралы акт) жіберілген жағдайларда да құжатты алу мүмкін емес.

Соттар дауды сотқа дейінгі шешу тәртібін заңдық фактіні соттан тыс анықтау тәртібінен ажыратулары тиіс.

Заңдық фактіні соттан тыс анықтау тәртібі деп заңнамалық актілерде көзделген тәртіпті түсінген жөн.

Арыз беруші өзінің сотқа берген арызында фактіні анықтау қандай мақсат үшін қажет екендігін көрсетеді. Судья арызды өндіріске қабылдау кезінде осы факт заңдық маңызына ие ме және арыз беруші



Кәмшат КИЛБАЕВА,
Алға аудандық сотының
судьясы

осы фактіні анықтауды сұрай ала ма, соны анықтауға мүмкіндік береді.

Еңбек қатынастары фактілерін анықтау туралы істер бойынша, әдетте, сотқа зейнеткерлер немесе зейнеткерлік жас алдындағы тұлғалар шағымданады. Олар өкілетті мемлекеттік органдарға шағымданағанда зейнетақы тағайындау кезінде еңбек кітапшасындағы деректерде тегі, аты, әкесінің атында айырмашылықтар болғаны немесе еңбек кітапшаларында өзгертулер болғаны, бір ұйымда еңбек қызметі туралы жазулары болмағандықтан, еңбек кітапшасын жоғалтып алған жағдайда, еңбек кітапшасындағы жазулардың қате болуы, еңбек кітапшасында жұмыс орнының қате көрсетілуі, мөрдін дұрыс, анық

ҚАЙҒЫ БӨЛІССЕ АЗАЯДЫ

Белгілі қоғам қайраткері, қарымды қаламгер Шарафаддин Ембергенұлы Әміровтың мезгілсіз дүние салуына байланысты қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын.

Шарафаддин Ембергенұлы еліміздің ақпарат саласының өркендеуіне, қазақ әдебиеті мен журналистикасының дамуына үлкен үлес қосты.

Дүниенің көш-керуенімен қоштаспайтын адам баласы жоқ. Осы орны толмас қазаның ауыртпалығын Сіздермен бірге бөлісемін. Алланың әміріне шара бар ма, болаттай берік болыңыздар! Жазмыштан озмыш жоқ. Жаны жәннатта, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Ол кісінің көрмеген қызығы мен жасамаған жасын жақындарына берсін. Қабырғаңыз қайысқан осы қаралы сәтте Сіздерге сабырға келіп, бекем болыңыз дегім келеді.

Қайрат МӘМИ,
Қоғам қайраткері

ӘДІЛДІКҮШІН АЯНҒАН ЖОҚ

Шарафаддин ініміздің де мына пәниден шалқалап шығар шағы келіпті. Амал жоқ, пенде өмірге қонақ. Тас түскен жеріне ауыр. Ауыр қаза. Шәкеңнің елі үшін сіңірген еңбегі бір төбе. Алпысына дейін ұлты үшін сіңірген қызметі аз емес. Өзгесін айтпағанда, ол «Қазақ әдебиеті» газетінде тілші болып өзінің тек қана журналист емес, дарынды жазушы екендігін де дәлелдеп берді.

Нағашыбай Шәйкеновтың бастамасымен ашылған «Заң газетінің» тұңғыш шығарушыларының бірі болды. Белгілі журналист Марат Тоқашбайдың мектебінен өтті. Осы қысқа өмірінде заң саласына адал болып кетті. «ЗАҢ» Медиа-корпорациясының президентігіне дейін өсті. Кейін «Егемен Қазақстан» газетінің құқық бөлімінде жұмысын жалғастырды. Өмірінің соңында «Ақиқат арнасы» газетін басқарды. Әділдікті тү етті. Әлбетте, оның осы дәуірде ұлты үшін жасаған қоғамдық істері елдің көз алдында.

Ол туралы өзгелер де айта жатар. Мен ұзақ жылдар сот, құқық жүйесінде қызмет атқарған кезімде етене араласып, оның әділ де шебер журналист екендігіне тәнті болдым. Алда дйттеген шаруалары көп еді. Амал жоқ, уақыт жеткізбеді.

Шарафаддиннің туған-туыстары мен отбасына қайғысына ортақтасып, көңіл айтуға мәжбүрмін. Бақұл бол, інім. Барар жерің бейіш болсын.

көрінбеуі мәселелері бойынша сотқа арызданады.

Бұрын болған совхоз, колхоз және басқа да КСРО мекемелерінің құжаттары мұрағаттарға тапсырылмаған не мұрағаттарда болған құжаттар өрт, су тасқыны және т.б. себептермен жойылған.

Зейнеткерлер немесе зейнеткерлік жас алдындағы тұлғалар сотқа арызбен жүгінбес бұрын, қолына еңбек кітапшасын алып, осы сұрақты анықтау үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамның аудан орталықтарындағы тиісті бөлімшесіне жүгініп, еңбек кітапшасында қандай қателіктер барын анықтайды. Кейін, электрондық цифрлық қолтаңбасымен архивтерге сұраныс жолдайды. Осы архивтен жауаптарды, яғни архивтік анықтамаларды жинақтап, сосын, облыс орталығындағы Еңбек және көші-қон, халықты әлеуметтік қорғау департаментіне ауызша немесе жазбаша жүгініп кеңес алғандары дұрыс. Яғни, сотқа дейінгі реттеу рәсімдерінен өтуі тиіс. Уәкілетті орган еңбек өтілін дәлелдейтін құжаттар болмаған жағдайда, архивтік анықтамаларда арыз берушінің тегі-аты толық жазылмаған жағдайда бас тарту туралы және сотқа жүгіну туралы жазбаша қорытынды береді. Азаматтар осы қорытындыны арызға тіркеп, сотқа жүгінулері тиіс.

Сонымен бірге, «ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңның талабына сәйкес 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін еңбек өтілі еңбек кітапшасымен расталады. Еңбек кітапшасы немесе онда тиісті жазбалар болмағандықтан кезде еңбек өтілі жұмыс туралы мәліметтерді растайтын құжаттар не сот шешімі негізінде белгіленеді.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

АЖЫРАСУ – ҚОҒАМНЫҢ ДЕРТІ

Қоғам өркендеп, өзгерген сайын адамзаттың психологиясы, құндылықтары мен көзқарастары өзгеруде.



Бүгінгі күннің ащы шындығы – адамның бір-біріне көзқарасының, қарым-қатынасының өзгеруінде. Біз, қазақ халқы отбасы құндылықтарын бірінші орынға қойған елміз. Ата-бабаларымыз «ажырасу» ұғымын мүлдем қолданбаған, бұл сөзді үлкен күнә ретінде көрген.

Дініміз бен менталитетімізге жат нәрсе болғанымен, қазіргі таңда «ажырасу» жиі кездеседі. Сот органдарына неке бұзуға арыз беретіндердің 70% нәзік жандылар болып отыр. Себептері: тұрмыстық зомбылық, материалдық қиындықтар, жұмыссыздық, көзге шөп салу, ата-ананың екі жастың өміріне араласуы, жастардың үлкен өмірге ойланбастан дайындықсыз келуі, әйелдердің

өз-өздерін қамтамасыз ете алатындай дәрежеге жетуі және т.б.

Ажырасу – қазіргі қоғамда қалыпты жағдайға айналғаны өкініш ұялатады.

Дұрыс құрылмаған қарым-қатынас тікелей өзімізге байланысты, яғни, себепкер өзіміз. Жастарымыз қызығушылықпен отбасын құрып, кейін үйленіп алған соң өмірлік көзқарастары өзге екенін байқап, қызуқанды шешім қабылдап жатады. Айталық, статистикалық көрсеткіш бойынша отбасыстық кикілжің салдарынан дәм-тұздары жараспай, облысымызда сот органдарына 2020 жылы 2350 неке бұзу туралы арыз түсіп, оның 1538 нечесі бұзылған, ал 2021 жылы 2373 арыз түсіп, 1491

отбасының некесі бұзылған. Соңғы екі жылды салыстырсақ, неке бұзу көрсеткіші күрт төмендеді.

Бұл медиация тәртібімен атқарылған жұмыстардың нәтижесі мен жемісі. Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі. Сотқа түскен неке бұзу туралы арыздың басым көпшілігі медиация рәсімімен қаралады. Мүліктік даулар, баланы асырап бағу, оның тұрғылықты мекенжайын анықтау, ата-ана құқықтарын жүзеге асыру сияқты сұрақтар оң нәтижеге қол жеткізіп, медиатор арқылы шешіліп жатады. Алайда, отбасының тыныштығын сақтау екі жақтың да міндеті. Осы жауапкершілікті сезіне отырып, ер де, әйел де бір-біріне рухани және материалдық қолдау көрсетуі тиіс.

Еліміздің өркендеп гүлденуі – отбасының беріктігіне де байланысты. Себебі, еліміздің болашағы жастардың қолында. Бүгінгі таңда, қоғамымызда орын алып отырған жастардың ажырасып кетуінің алдын алған жөн. Себебі, бұл қылықтың ел іргесіне қарасызат түсіретіні айдан анық. Сондай-ақ, жастардың ажырасуы халық санының өсіміне де ықпал етеді.

Батыс Қазақстан облыстық сотының баспасөз қызметі

ӘДЕПТІЛІК, АР-ҰЯТ – АДАМДЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

ҚР Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) бекітілді.

Әдеп кодексі жалпы ережелер, мінез-құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық және көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары деп аталған бес бөлімнен тұрады.

Әдеп кодексінің басты міндеті – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды әзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін үйлестіру және мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу.

Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар күшейе түсті.

Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен мінез-құлықтарына үлкен мән берілуде. Сондықтан, мемлекеттік қызметте үлкен жетістіктерді бағындыруды көздеген әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексінің және «ҚР мемлекеттік қызметші туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарының талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы қажет. Бұл ретте мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларды ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін жағдайларына жол бермеуге тиіс. Мұндай жат мінез-құлық жасаған жағдайда мемлекет-

тік қызметшінің тиісті тәртіптік жауапкершілігі көзделген.

Жаңа Әдеп кодексі қызметтік әдеп стандарттарын белгілейді және мемлекеттік қызметшілердің моральдық адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға негіз болады. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттарды тестілеу бағдарламасына, мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары мен Әдеп жөніндегі кеңестер туралы ережеге өзгерістер енгізілді.

Тәртіптік жаза қолдану қағидаларында қызметтік тергеу-тексеру, тәртіптік комиссия материалдарын қарау тәртібі және тәртіптік комиссияның ұсынымы бойынша уәкілетті адамның шешім қабылдау мерзімдері нақтыланды.

Сонымен бірге, агенттіктің әдеп жөніндегі комиссиясына облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдері орынбасарларының, облыстық маңызы бар қалалардың, облыс аудандары мен қала аудандары әкімдерінің, облыстардың әкімшілік орталықтары болып табылатын қала әкімдерінің, комитеттер төрағаларының, сондай-ақ, облыс әкімі аппарат басшыларының қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны және мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылықтар жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілігін қарауға өкілеттік берілген.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметші қоғам арасында сын тудыруы мүмкін кез келген іс-әрекеттерге, соның ішінде шындыққа сай келмейтін ақпаратты таратуға жол бермеуі, мемлекеттік мүлікті, оның ішінде автокөлік құралдарын, қызмет тәртібін сақтауға, жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға қатысты талаптарды қатаң сақтауы тиіс. Сондықтан, әдеп нормаларының талаптарын сақтау әрбір мемлекеттік қызметшінің алдында тұрған басты міндет.

Г.БОРАШЕВА, Ақтөбе қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе бас маманы

«ҚР кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңында мал ұрлығына қатысты жаза қатандатылған.

МАЛ ҰРЛЫҒЫ ҮШІН ЖАЗА ҚАТАҢ

Заңдағы 188-1-бапта бөтеннің малын ұрлағандардың мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатыны көрсетілген.

Ал енді алдын ала сөз байласу арқылы мал ұрлаған қылмыстық топтың, ірі мөлшерде мал ұрлаушылардың жазасы бұдан да ауыр. Олардың да мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ұрлықты бірнеше рет, тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасағандар мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады. Соның ішінде мал ұрлығын жасаған қылмыстық топтың жазасы да осал емес. Жаңа өзгеріске сай бөтеннің малын ірі мөлшерде ұрлаған топтың мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген.

Дәл осы айып тағылып, істі болған қылмыскерлердің жәбірленушілермен келісімге келуіне түбегейлі тосқауыл қойылған.

Себебі, «Мал ашуы – жан ашуы» дейтін халықтың жоғалғаны табылса «Қайтқан малда береке бар» деп дау қумай мәселені жылы жауып қоя салатыны жасырын емес. Жалпы мал ұрлағандарды табу, ұстау қандай қиын болса, қылмысты дәлелдеу мен жоғалған тұяқты орнына қою одан да күрделі. Біреудің қорасындағы малды болмашы ақшаға сата салатын қылмыскерлер өз қателігін мойындап, кешірім сұрағанымен, көбінесе ұрлағанын орнына қойып бере алмай, қиналады.

Бұл жерде жәбірленуші кешірім берсе де, заң көтермейді. Демек, қылмыс жасаған адам жазасын тиісті түрде өтемей, жазадан босатылмайды.

Мал ұрлығын басқа қылмыстармен салыстырмау керек. Себебі, мал шаруашылығымен күн көріп отырған ауыл халқының төрт түлігіне қол сұғу табыс көзінен айырумен тең.

А.НЫСАНБАЕВА, Жаңақорған аудандық сотының бас маманы ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

МАС ЖҮРГІЗУШІ МАҢАЙЫНА ҚАТЕР

Қоғамда қызу пікірталас тудыратын өзекті мәселелердің бірі – мас күйінде көлік жүргізу. Бұл жағдайда жүргізушілер өз өміріне ғана емес, айналасына да қауіпті қатер төндіретініне ойланбайды.

Алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масақ күйінде рөлге отыру – ең үлкен құқықбұзушылық әрі қылмыс. Ондай күйдегі жүргізуші көлік құралын басқару тұрмақ, өз-өзіне есеп бере алмайтыны мәлім. Былтыр еліміз бойынша жол сақшылары мас күйінде көлік жүргізген 26 мыңнан астам жүргізушіні ұстапты. Жыл сайын жол апаттары салдарынан мыңдаған адамның өмірі үзілгені, денсаулықтарына зақым келгені, психологиялық ауытқуға ұшырағаны, мүгедек болып қалғаны құпия емес. Оның үстінде қаншама техника ойран болып, қанша отбасы зар еңіреп қалды. Жауаптылықты сезбегеннің кесірінен жол апаттары жиілеп, мас жүргізушілер әрекетіне байланысты қылмыстық іс қозғалып, жеті

жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырып, он бес тәулікке қамаққа алынып, әкімшілік жауапкершілікке тарту жазасы қолданылады. Көлікті бірнеше рет мас күйінде басқарған жүргізушілер жүргізуші куәлігінен өмір бойына айырылып қана қоймай, сонымен бірге бес жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Айта берсек, бұл жөнінде заңда басқа да талай жазалар белгіленген.

Бірақ, жаза жылдан-жылға қатандатылғанымен, бұл мәселені шешуге аздық етеді. Қай кезде де ең алғашқы тәрбие отбасынан басталады десек, ең алдымен әрбір ата-ана баласының тәрбиесіне көңіл бөлуі керек. Ұрпағымыз жастайынан өмірге жауаптылықты сезіп, өз әрекетін қадағалап түсінгені асыл.



Гаухар БЕГАЛИЕВА, Ақтөбе қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе бас маманы - сот отырысының хатшысы

Демек, құқық қорғау органдары, бұқаралық ақпарат, ұстаздар мен ата-аналар бұл мәселені жастарға түсіндіріп, олардың тәрбиесіне белсене араласса, бұндай құқық бұзушылыққа жол бермеуге, әрі алдын алуға болады.

АШЫҚТЫҚТЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

«Сот кабинеті» – сот органдарының электрондық сервисіне кіруге арналған бірыңғай терезе. «Сот кабинеті» арқылы сотқа электронды түрде талап-арыз шағым, өтініш беруге, мемлекеттік баж салығын онлайн режимде төлеуге, сот құжаттары мен жалпы сот ісіне қатысты барлық құжаттарды осы тәртіп арқылы қадағалап отыруға болады.

Сонымен қатар, мобильді сот кабинеті сервисіне аударып, ол арқылы тараптар сотқа келмей ғаламторға қосылған мобильді құрылғы арқылы сот процесіне қатыса алады. Аталған қосымша арқылы отандық сот саласындағы жаңалықтарды көруге мүмкіндік бар, тағайындалған сот отырысы туралы ақпаратты онлайн түрде алу және сот кабинеті веб-сервисі арқылы сот органына жолданған барлық құжаттарды қарау мүмкіншіліктері

бар. «Сот кабинеті» сервисімен Сіз ғаламтор арқылы сотқа электрондық түрде талап арыз, сот отырысының дыбыс-бейнежазбасын ұсыну туралы өтінішхатпен және басқа да арызбен сотқа электрондық үндеулер бере аласыз. Ол келіп түскен арызды қараудың уақытын қысқартады. Бұдан басқа, сот кабинеті арқылы сіз үйден шықпай-ақ мемлекеттік баж салығын төлеуге, істердің қаралу тізімін, сотқа шақыру туралы хабарламаларды алуға, сот істерін іздеуге мүмкіндігіңіз бар.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта «Сот кабинеті» бағдарламасының мобильдік қосымшасы жұмыс істеуде. Бұл сот жұмысының ашықтығын жетілдіре түседі. Жұртшылықтың сотқа деген сенімін одан сайын арттыру мақсатында осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта жалғасын табатын болады.

Г.СУЮНОВА, Мұғалжар аудандық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ӘРТҮРЛІ

2. «Емир-Ойл» ЖШС-нің жұмысшыларының кәсіподағы» ҚБ, БСН 120540008621, «Маңғыстау аймағының мұнай-газ саласындағы компаниялары қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігіне, БСН 210740003459, қосылуына байланысты барлық талаптар осы хабарлама жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде қабылданады.

15. «Екібастұз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапылы, «Павлодар облысының дін істер басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығы» ЖШС-не өтетіндігі туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Екібастұз қаласы, Павлодарская көшесі, 10.

16. «Ата Estate» ЖШС (БИН 211140011014) жарғылық капиталдың азайтылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 42, павильон 42/31.

17. Алматы қаласы МСЭҚ-ның 2022 жылғы 26 желтоқсандағы анықтамасымен «VILLAGE DEVELOPMENT» ЖШС-н (БСН 100240018802) оңалту бойынша іс қозғалды. Кредиторлардың талаптары мына мекенжайда қабылданады: 28.12.2022 мен 28.01.2023 аралығында Астана қаласы, Ташенов көшесі, 8 үй, нп.1. Оңалту меңгерушісі А.Нұржанова.

18. «МФО «Kaz Credit Line» ЖШС, БСН 130740015851, «Микрофинансовая организация «АккордКапитал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, БСН 151040008929, мекенжайы: А05D7M3, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 96/98 қосылуына байланысты қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Серіктестік несиерлерінің талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: А05F4E4, Алматы қаласы, Монгольская көшесі, 44 үй, тел.: 355-10-10.

19. «Первая Казахстанская Грузовая Компания» ЖШС (БСН 131040009913) жарғылық капиталдың азайтылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қорғалжын тасжолы, 3 ғимарат, 410 кеңсе.

20. «Микрофинансовая организация «ФРМП-Акскунт» ЖШС (БСН 060340010256) микроқаржылық қызметін жүргізуге берілген лицензияның әрекеті тоқтағаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарасу а/о, Қарасу ауылы, Жібек Жолы көшесі, 156 құрылыс.

ТАРАТУ

3. «ZARA FOOD» ЖШС, БСН 211140003142, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Жаңа ықшамауданы, 1А үй, индекс 041600. Тел.: 87028448333.

4. «АстықАгроП» ЖШС, БСН 170240027834, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Ават ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 96. Тел.: 87051649920.

6. «Ынтымақты Отбасы» ТҮҚ кооперативінің, БСН 220740010969, қызметі тоқтағанын хабарлаймыз. Барлық сұрақтарыңыз бойынша 87765551984 телефонына хабарласыңыздар. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

7. «ШИПА-НҰР» ЖШС (БСН 140340022148) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау обл., Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылдық округі, Маңғыстау ауылы, телімі 593, үй 593.

10. «Заманауи мектеп» қоғамдық қоры, БСН 180340023044, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 130502, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы, Жаңаорпа, 43 үй. Тел.: 87029965734.

11. «А-7Go» ЖШС, БСН 140240016605, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 041600, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Шаяхметов көшесі, 32А үй, 8 пәтер. Тел.: 87784824027.

14. «ЕРАРГЫНСТРОЙ» ЖШС, БСН 180840030421, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Индербор ауданы, Индербор ауылы, Қадір Нұржанов көшесі, 7.

8. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

Мәдениет комитетінің «Наталья Сац атындағы Орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

1. Орналасқан орнын, пошталық мекенжайын, телефон көрсете отырып, кәсіпорынның атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:

«Наталья Сац атындағы Орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Алматы қаласы, 12 шағын ауданы, 22 үй мекенжайында орналасқан, тел.: 8(727)3032588.

Кәсіпорын қызметінің мәні мәдениет саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты театр өнері мен концерттік орындаушылық саласындағы мемлекеттің мәдениет саясатын тәжірибелік практикалық іске асыруға бағытталған сахналық, ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

2. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім, тілдер мен әдебиет бойынша) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша мәдениет ұйымдарында басшылық персонал лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

3. Лауазымдық міндеттері:

Ұйымының шығармашылық, өндірістік, шаруашылық және қаржылық қызметіне басшылық етеді, мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады. Ұйым қызметінің саясаты мен стратегиясын белгілейді, қаржылық және материалдық қамтамасыз етуді, күнтізбелік және ұзақмерзімді репертуарлық жоспарларды әзірлеуді, репертуарды жалға беруді, жаңа және қайта қойылатын қойылымдарды (спектакльдер, концерттер) шығаруды ұйымдастырады, қойылымдық топтар мен орындаушылардың құрамын, безендіру эскиздерін және макеттерін, жаңа және қайта қойылатын қойылымдардың (спектакльдер, концерттер) жұмыс жоспарларын мен кестелерін бекітеді. Ұйымды білікті мамандармен қамтамасыз ету және олардың кәсіби білімдері мен тәжірибелерін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, директор орынбасарларына, шығармашылық, өндірістік бөлімшелердің басшыларына және Ұйымның лауазымдық тұлғаларына жұмыстың жеке бағыттарын бөледі, шарттарды және мәмілелерді жасайды, қажетті есептіліктердің ұсынылуын қамтамасыз етеді, Ұйым қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасасады және бұзады, бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және ұйымдарда ансамбльдің мүддесіне өкілдік етеді, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

4. Білуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіні; Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіні; Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіні; «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексіні; Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіні; Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» заңдарын; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-223/2020 бұйрығымен бекітілген Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын.

5. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері (қосымшалармен);
- 4) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттар;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» № 075/е нысаны бойынша анықтама;

б) жеке куәліктің көшірмесі. Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби дарылық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 15 (он бес) күннің ішінде 2023 жылғы 6 қаңтардан бастап 2023 жылғы 20 қаңтарға дейін жүргізіледі.

6. Конкурсстың өткізілетін күні мен орны: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, онлайн форматында.

Конкурс қатысушыларына әңгімелесу өткізу күні қосымша хабарланады.

Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, 314-кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Толық ақпаратты +7 (7172) 74-02-52, 74-06-55 телефондары бойынша алуға болады.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юрическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢГЕ

✉ zanreklama@mail.ru

БАНКРОТТЫҚ

13. «Изумруд НС» ЖШС, БСН 050140000676, өзінің несиергерлері мен барлық мүдделі тұлғаларға Ақмола облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында судья А.А. Жақупованың төрағалығымен «Изумруд НС» ЖШС-н банкрот деп тану бойынша № 1112-22-00-2/2643 істің қаралып жатқандығы туралы хабарлайды. Сот процесіне қатысу үшін соттың хатшысы А.К. Дуйсековке хабарласуларыңызды сұраймыз. Телефон: 87078707780.

МҰРАГЕРЛІК

5. 07.10.2022 жылы қайтыс болған Садыққызы Ықпалдың мүлкіне мұра ашылғаны туралы жариялаймыз. Мұрагерлердің Түркістан қаласының нотариусы Т.Ө. Тілеповке хабарласуына болады. Мекенжайы: Тауке хан даңғылы, 301. Тел.: 87016565788.

9. 2022 жылы 6 шілдеде қайтыс болған азамат Ербулат Тұрауович Халиховтың атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, Авангард-3 ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсеге хабарласуларын сұраймыз.

<p>«Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС-нің ұжымы белгілі журналист, «Ақиқат арнасы» газетінің бас редакторы</p> <p>Шарафаддин Әмірдің</p> <p>мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.</p>
<p>Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, аппараты және судьялары Солтүстік Қазақстан облыстық сотының оставкадағы судьясы</p> <p>ЗЕНКОВСКИЙ Александр Владимировичтің</p> <p>қайтыс болуына байланысты оның жақындары мен туған-туыстарына орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.</p>
<p>Солтүстік Қазақстан облысының судьялары «Ақиқат арнасы» газетінің бас редакторы</p> <p>ӘМІР Шарафаддин Ембергенұлының</p> <p>қайтыс болуына байланысты оның жақындары мен туған-туыстарына орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.</p>

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazeta@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«КАИРОС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalydubaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 12-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-07-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772265606.

БЕС ҚОНАҚ

(әңгіме)



сома. Оның үстіне, ұрының алыстан келмегені ағайынның арасын алшақтатып жіберді. Қалай болғанда да Тоғжан бұл істің нүктесін қоюға бел буды. Осылайша, әлгі қонақтардың әрқайсысына қоңырау шалып, жалған сөйлеуіне тура келді.

– Құқық қорғаушылар ақшаны сіздің ұрлағаныңызды айтты. Бұған айғақ болар дәлелдемелері де бар. Бірақ, біз бұл мәселені өз арамызда медиация тәртібімен шешеміз деп келістік. Әйтпесе, арамыз суып кетері анық. Ақшаны әкеліп берсеңіз, бәрін де дым болмағандай ұмытып кетеміз, – деді. Бірақ, ұры да ақымақ емес қой. Тоғжанның бұл айласы да іске аспады.

Сөйтіп жүргенде оның есіне бір жағдай сап ете түсті. Марапаттау шарасынан келген күні ол үй маңындағы дүкеннен нан алған екен. Тіпті, сатушыға миллионер болғанын да қуана жеткізіпті. Сірә, ақкөңілділіктің жеткен жері осы болған-ау! Тоғжан полицейлерге хабарласып, дүкен сатушысынан жауап алуды сұрады. Ақыры, күмәні мен күдігі расталып шыға келді! Әлгі сатушы сол күні мұның артынан аңдып, үйіне барған. Ақшаны алу оған еш қиындыққа түспеген. Себебі, күдікті бұған дейін де істі болған екен. Бірақ, ол ақшаның қайда екенін айтуға асықпады. Полицейлер оны уақытша ұстау изолаторына қамап қойды.

Ұрының ұсталғанына қуанған Тоғжан ағайындарының алдындағы кінәсін жуып-шаймақ болып тағы да қонаққа шақырды. Олар да «шкафта жатқан миллиондарың жоқ па?» деп әзілдеп қояды.

– Күдікті бақылау камераларының біріне түсіп қалған. Сондықтан кінәсін мойындаудан басқа амалы жоқ. Демек, ақшаны да жақын арада қайтаруы қажет. Ал, біз сіздердің алдарыңызда кінәлі болдық. Сол үшін кешірім сұраймыз, – деді Тоғжан өзіміне үн қатып.

...Қонақтар тарқаған соң, әрқайсысының артына бір-бір полицей түсіп, жасырын бақылау жүргізді. Бірден банкоматқа қарай асыққан Ару олардың күдігін туғызды. Оны тоқтатып, тінту жүргізгені сол еді, сөмкесінен 990 000 теңге табылды! Ол бұл ақшаны апасының үйінен алғанын мойындады.

«Апам алғаш қонаққа шақырған күні-ақ шкафты ақтарып, ақшаны алдым. Бірақ, өзімнен бірге әкете алмадым. Сол үйдің дәретханасына жасырдым. Реті келгенде алып кетемін деп ойлады. Бүгін соның сәті түсті» деп жазды ол өз түсініктемесінде.

Ал, Тоғжан шындықтың бетін ашу үшін полицейлермен бірлесіп қойылым қойған болып шықты. Яғни, шынайы ұрының бетпердесін шешу үшін сатушыдан қылмыскер жасауға тура келген. Сөйтіп, күдікті бес қонақ бақылауға алынған. Бірақ, ақшаның дәретханада жатқанын кім білген десеңші?!

Айтпақшы, Арудың тағы бір ұрлыққа қатысы бар болып шықты. Ол ағасының мас күйін пайдаланып, ата-анасының үйінен бас тартатыны жөніндегі құжатқа қол қойығызып алған.

Иә, кінәлі табылды, ақша қайтарылды. Бірақ, бала кезден бірге ойнап-өскен бауырыңды қиянатқа қию – өз қолыңды өзің кесумен бірдей емес пе? Әрине, Тоғжан сіңлісіне кешірім беріп, жазадан құтқарып алды. Бірақ, сенімге селкеу түсіп, көңілге күдік ұялады. Жүректе жазылмас жара қалды. Оны уақыт емдей ала ма, жоқ па, бұл енді тек бір Құдайға ғана аян. Ал, бір күнде көпбалалы анадан детективке айналған әйелдің тапқырлығы бөкейхандықтардың есінде әлі де ұзаққа сақталары анық.

Амандық САҒЫНТАЙҰЛЫ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫ

ҚАРА СЕЙФ

Ауылдан қалаға

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында колхоз, совхоз тарап, азын-аулақ кәсіпорындар жабылып, ауыл тұрғындары жұмыс жоқ болған соң қалаға қарай үдере көшті. Қолдағы бар малын жатса да қаланың ортасынан үй алуға шама жоқ, көпшілігі қала сыртынан жер алып, үй салуға көшті. Қалтай ақсақалдың отбасы да үлкен шаңырақ еді, құдай қарасқанда үйдің үлкендері қырыққа таяп, отыздан асып, оқу бітіріп, үйленіп, қаладан үй алып, әке-шешеге қарасуға жарап қалған болатын. Қолдағы келіні мен баласын алып, азын-аулақ малын сатып, үлкен ұлы қала сыртынан әперген үйге бір түнде көшіп келді.

Қалаға кіре берісте орналасқан жер үй «тоғыз жолдың торабы» десек те болады, күре жолдың арғы бетінде мал базары бар, саудаға ең қолайлы жер. Қалтай ақсақал оны бірден байқап, балаларына мал терісін қабылдау қоймасын ашып беріп, жем-шөп сатып, бизнесін дөңгелетіп алып кетті. «Ауыл қазағы саудаға икемі жоқ» деген сөзді жоққа шығарды. Балаларына шетінен баспана, үй алып бере бастады. Базарға ауыл-ауылдан ағылып келіп жатқан малды соятын орын ашты, сатылмай қалғаны тұратын қора-қопсы, жеп-шөп, барлығын жүйелі бизнеске айналдырып, көзін тапты. Қазақ тегіннен тегін төрт түлікте береке бар деген, қыз-келіндері жұмыссыз отырмады, ішек-қарын тазалап, малдың басын үйітіп адал еңбектің нанын жеп, әжептәуір жағдайын жасап, бір-бір көлік мініп, еңселерін түзеп қалды.

Қауіпті ақпарат

Қалтай ақсақал да шаруаға ширақ, есеп-қисапқа жүйрік, жас кезінде біраз жыл есепші, қойма басшысы болып жұмыс істегені бар, бала-шағасына бағыт беріп, ақылын айтып, жөн сілтеп отырды. Сол үйдегі Үміт апамыз да дастарқаны кең, қолы ашық, мейірімді, төрт ұл, бес қыз тапқан алтын құрсақты ана еді. Ұлдарын ғана емес, қыздарын да ренжітпей, әке-шешем деп келгесін, көмек қолын созып, ата-аналық қамқорлығын көрсетіп, демеп, баспаналы болсын деп жарғақ құлағы жастыққа тимейтін. Үміт әже қариясымен ақылдасып үйдің кенжесі, қолындағы ұлға арнап екі қабатты коттедж алмақшы болады. Ол кезде қазіргідей емес коттедж үйлер қала сыртынан сирек салынатын. Бірен-саран ғана коттедж үйлер бой көтерген еді. Кенже ұлы да үйленіп, немересі де бар. Сонымен Қалтай қария сол кенже ұлға көрнекті екі қабатты коттедж табады.

Ел болған соң әртүрлі әңгіме айтылды, алайда бұл отбасының береке-бірлігіне ешкім қылаң түсіре алмады. Өйткені, отағасы да, отанасы да парасатты жандар еді. Отбасылық әңгімелерді базардағы әйелдер арасына тез тарап кететін, себебі Үміт ападан жұмыс сұрап келетін ауылдастар қатары көбейе берді. Көпшілігіне көмектесті, тұратын жер беріп, жұмыс беріп, қал-қадірінше қол ұшын созды. Ауылдағы ағайынды, туысты ренжіткен емес. Алайда олардың отбасылық әңгімелерді естіп алып, базарға, ауылға таратып жіберетіні бар. Осы жолы кенже ұлға алынғалы жатқан коттедждің әңгімесі базардағылардың жырына айналды.

Жүз мың доллар – ол кезде бұл ақша орта шаруаның түсіне де кірмейтін. «Қалтай ақсақал кенже ұлына жүз мың долларға үй алғалы жатыр екен» деген әңгіме базарды қойып, ауылға де жетті.

Қаралы түн

Кенже ұлы үйленген соң Қалтай қария мен Үміт ана үлкен үйдің алдына екі бөлмелі жаздық үй салдырып алып, сол жерде ас-суын ішіп, бала-шаға, немерелерге, жұмысшыларға тамақ беретін. Қалтай қарияның жұмыс орны да сол шағын үйдің төркі бөлмесінде. Келіміз-кетіміз саудагерлермен де сол бөлменің бұрышында тұрған қара сейфтен ақша алып, есеп-қисап жүргізетін.

Бүгін әдеттегідей бала-шаға, немерелері, барлығы қауқандасып, Үміт апаның дайындаған кеспесін ішіп, үйлеріне тарасты. Кіші ұлы мен келіні, немересі үлкен үйде жататын. Қазақшылық кеңарқалыққа салып «біз осы жазғы үйде-ақ жата береміз, шал мен кемпірді құдай алмаса, кім алады дейсің» деп екеуі үлкен үйге жатпайтын.

Сол түні қаперсіз ұйқыда жатқан қос қария қара сейфтің ішіндегі болмайтын ақшаға бола ажал құшатынын білсе ғой... Еттен...

Түн ауа жазғы үйге енген үш қанішер, жетпіске жетіп қалса да қарулы, еңгезердей қариямен екі сағатқа жуық арпалысыпты. Шыны керек, біреуінің шамасы жетпей атаны екі жақтап қылқындарып, басын таспен ұрып, саусақтарын сындырып, әбден азаптапты. Ал, апа ұйқыдан оянып, не болып жатқанын түсінбей, тұра салып есікке ұмтылғанда, есіктің алдында барлап тұрған жігіт кейуаның басынан таспен ұрған. Кейін дәрігерлер ананың қорыққаннан жүрегі жарылып кеткенін айтты. Көршілер естіп қоймасын деген оймен ешқандай қару қолданбай екі адамды о дүниеге аттандырған қанішерлер қара сейфтен жүз мың теңге ғана тауыпты.

Азанда жұмысқа оятатын анасының келмегеніне алаңдаған кіші ұл ояна салысымен жазғы үйге асығыс кіріп барды. Шағын үйдің едені қып-қызыл қаңға бөккен. Сыртқы бөлмеде шалқасынан жатқан анасын көрген ол «жедел жәрдем, полицияны шақыр» деп жаңұшыра айқайлай берді, айқайлай берді... Ішкі бөлмеде қара сейфтің жанында жатқан әкесінің өлі денесіне жақындауға әл-дәрмені жетпеді.

Дереу тергеу шаралары жүріп кетті. Қалтай қариямен сауда-саттық жасасқан саудагерлер түгел тексерілді. Қарияның ұялы телефоны арқылы бірнеше адам күдікке ілінді. Ішінде Шу жақтан сексеуіл әкеп өткізетін жігіттер назарға түсті. Қылмыскерлер ұсталды, жазаланды да, бірақ қазақы бейқамдық пен қазақы кеңпейілділіктің үлгісіндей болған қос қария әлі де немерелерінің қызығын көретін еді-ау.....

Мәрия ЖҰМАҚОЖАҚЫЗЫ,
Журналист-педагог

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Батыс Қазақстан облысы	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым **5321 дана**
Апталық таралым **11 054 дана**

Тапсырыс №1 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31